# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 20 маусым №4360-23-00-2/1155 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Е.Елшібеков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімінің «Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР**:
Жеке кәсіпкер «СИСЕНБІ» атауымен әрекет етуші Бекзат Бақытұлы Сисенбі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімінің «Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «СИСЕНБІ» атауымен әрекет етуші Бекзат Бақытұлы Сисенбіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «СИСЕНБІ» атауымен әрекет етуші Бекзат Бақытұлы Сисенбі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «СИСЕНБІ» атауымен әрекет етуші Бекзат Бақытұлы Сисенбіден Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімінің «Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 6705 (алты мың жеті жүз бес) теңге тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік бажға төлеген сот шығысы 201 (екі жүз бір) теңге, барлығы 6 906 (алты мың тоғыз жүз алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «СИСЕНБІ» атауымен әрекет етуші Бекзат Бақытұлы Сисенбіден мемлекет кірісіне сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **Б. Елшібеков**

Көшірмесі дұрыс.

**Судья** **Б. Елшібеков**

Анықтама: Шешім 2 тамыз 2023 жылы заңды күшіне енді.

**Судья** **Б. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 20.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 02.08.2023, судья Елшібеков Б. Е., 02.08.2023